



БЕКІТЕМІН
"ОҚМА" АҚ ректоры
Ж.С. Сейтжанова
2025 ж.

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕДИЦИНА АКАДЕМИЯСЫ
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Е 501-2025

Күні	Көшірме	Басылым
		екінші

Шымкент

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өдістемелік Кеңес	Е 501-2025	
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Өдістемелік Кеңестің жұмысы туралы Ереже		2-ші басылым 10 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор **ӘЗІРЛЕП,**
ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Өдістемелік Кеңесінің шешімімен **КЕЛІСІЛДІ.**

Хаттама № 10 « 27 » 05 2025 ж.

3. «ОҚМА» АҚ Сапа жөніндегі Кеңесінің шешімімен **БЕКІТІЛДІ.**

Хаттама № 5 « 03 » 06 2025 ж.

Кезеңдік тексеру мерзімі - 3 жыл

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKH-ISTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Өдістемелік Кеңес	Е 501-2025	
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Өдістемелік Кеңестің жұмысы туралы Ереже		2-ші басылым 10 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1	НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР	4
2	ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР	4
3	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	5
4	«ОҚМА» АҚ ӨДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ	5
5	НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ	6
6	ӨДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ	7
7	ӨДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ	7
8	ҚҰҚЫҚТАРЫ	8
9	ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫС РЕТТІЛІГІ	8

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIYASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казакхстанская медицинская академия»
Өдістемелік Кеңес Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Өдістемелік Кеңестің жұмысы туралы Ереже		Е 501-2025 2-ші басылым 10 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы Ереже келесі нормативтік құжаттардың талаптары ескере отырып әзірленген:

- Қазақстан Республикасының 2007 жылғы «Білім туралы» Заңы;
- Қазақстан Республикасының 2001 жылғы «Ғылым туралы» Заңы;
- «ОҚМА» АҚ сапасы бойынша нұсқаулық;
- Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын алқалы басқару органдары қызметінің үлгілік қағидаларын» (ҒЖЖБМ -ның 2025 жылғы 11 наурыздағы бұйрығы);
- ISO 9000:2015 -Сапа менеджменті жүйесі. Негізгі ережелер және сөздік.
- ISO 9001:2016 -Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар.
- СБ 001-2024 -Сапа менеджмент жүйесінің басшылығы.
- СТ 002-2024 - Ішкі нормативтік құжаттарды басқару.
- СТ 004-2024 -Қызметтік құжаттарды басқару.
- СТ 007-2024 -Жазбаларды басқару.
- СТ 009-2024 -Жақсартуды жоспарлау.
- СТ 010-2024 -Басшылық тарапынан талдау.
- СТ 020-2024 -Ішкі аудит.
- СТ 021-2024 -Сәйкессіздіктерді басқару, түзетуші әрекеттер.

2 ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

Осы Ережеде келесідей қысқартулар мен белгілер қолданылады:

- | | |
|----------|---|
| АҚ | - Акционерлік қоғам; |
| «ОҚМА» | - Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы; |
| МЖМБС | - Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты; |
| ҚР ҒЖЖБМ | - Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі; |
| ҚР СТ | - Қазақстан Республикасы Стандарты; |
| ӘК | - Өдістемелік Кеңес; |
| АК | - Академиялық комитеті; |
| СҚЕЖК | - Сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиясы; |
| ОӨО | - Оқу-әдістемелік орталық; |
| ТО | - Тіркеу офисі; |
| ПОҚ | - Профессор-оқытушы құрамы; |

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әдістемелік Кеңес	Е 501-2025	
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Әдістемелік Кеңестің жұмысы туралы Ереже		2-ші басылым 10 беттің 5 беті

3 ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Әдістемелік Кеңес (бұдан әрі - ӘК) Оңтүстік Қазақстан медицина академиясының Алқалы органының нысаны болып табылады.

2. ӘК өз жұмысында Қазақстан Республикасының заңнамасын, «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын алқалы басқару органдары қызметінің үлгілік қағидаларын» (ҒЖЖБМ-ның 2025 жылғы 11 наурыздағы бұйрығы) басшылыққа алады.

3. ӘК мақсаты жоғары білім беру жүйесінің басым міндеттеріне, «ОҚМА» АҚ даму стратегиясына және қызметкерлер мен білім алушылардың қатысуына сәйкес «ОҚМА» АҚ қызметін тиімді, ашық және еркін басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.

4 «ОҚМА» АҚ ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

1. Әдістемелік Кеңес «ОҚМА» АҚ ректорының бұйрығымен құрылады.

2. Әдістемелік Кеңестің төрағасы (бұдан әрі-Төраға) Әдістемелік Кеңес арасынан көпшілік дауыспен сайланады.

3. Төрағаның орынбасарын төраға тағайындайды. Төраға болмаған жағдайда оның міндеттерін орынбасары атқарады.

4. Төраға өз қызметін Қазақстан Республикасының заңдарына және осы Ережеге сәйкес үйлестіреді.

5. Хатшыны Әдістемелік Кеңес сайлайды және ол Әдістемелік Кеңестің іс қағаздарын жүргізуге жауапты болады.

6. Әдістемелік Кеңес өз жұмысын алға қойған міндеттерге сәйкес оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде жүзеге асырады.

7. Әдістемелік Кеңес отырысында қаралған мәселелердің нәтижелері ӘК қатысып отырған мүшелердің көпшілік даусымен және хаттамамен рәсімделіп шешімі қабылданады. Дауыстар тең болған кезде Төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Отырыстың хаттамасын Әдістемелік Кеңестің хатшысы отырыстан кейін 3 жұмыс күні ішінде жасайды. Хаттамаға дауыс беруге қатысқан Әдістемелік Кеңестің төрағасы, хатшысы және барлық мүшелері қол қояды және «ОҚМА» АҚ ресми сайтында орналастырылады.

8. Әдістемелік Кеңес білім алушылардың, профессор-оқытушы құрамының, «ОҚМА» АҚ қызметкерлерінің мүддесі үшін әрекет етеді.

9. Әдістемелік Кеңес «ОҚМА» АҚ-да оқу-әдістемелік жұмыстың негізгі бағыттарын әзірлейді, оқу-әдістемелік, оқу-тәрбие жұмысына қатысатын факультеттердің, кафедралардың және «ОҚМА» АҚ-ның басқа да құрылымдық бөлімшелерінің өзара байланыс реттілігін үйлестіреді, сондай-ақ мамандарды даярлау деңгейін арттыру мақсатында оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің болашақ бағыттарын енгізуге ықпал етеді.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әдістемелік Кеңес		
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Әдістемелік Кеңестің жұмысы туралы Ереже		E 501-2025 2-ші басылым 10 беттің 6 беті

5 НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕР

Әдістемелік Кеңестің негізгі міндеттері төмендегідей:

- академиялық қызметтің негізгі мәселелері бойынша шешімдерді қарау, талқылау және қабылдау;
- білім беру үдерісіне инновацияларды енгізуге ықпал ету;
- қоғам мен мемлекеттік органдарды қоса алғанда, мүдделі тараптар алдында өз қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету;
- ортақ мақсаттарға қол жеткізу үшін «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімшелер арасындағы өзара байланыс реттілігін нығайту;
- оқу-әдістемелік үдерісті жетілдіруге және педагог қызметкерлерге практикалық көмек көрсетуге бағытталған әдістемелік жұмыстың әртүрлі нысандарын енгізу мәселелерін қарастыру;
- «ОҚМА» АҚ ПОҚ шығаратын оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді, оқу құралдары мен басқа да материалдарды басып шығаруды жоспарлау, сараптаманы ұйымдастыру және ұсыну;
- «ОҚМА» АҚ оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- білім беру үдерісін цифрландыру үдерістерін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру, электрондық білім беру ресурстары мен платформаларын енгізу және оларды қолдану сапасын бақылау;
- цифрлық білім беру технологияларын енгізу тиімділігін талдау, ПОҚ мен білім алушылардың цифрлық сауаттылығына мониторинг жүргізу, цифрлық оқыту ортасын жақсарту бойынша ұсынымдар әзірлеу;
- оқу-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру және жетілдіру бойынша озық тәжірибені жалпылау және тарату;
- педагогикалық кадрлардың біліктілігін арттыру және аттестаттау жүйесін жетілдіру;
- медициналық және фармацевтикалық білім беруді дамыту және оны іске асыруда басым бағыттарды қалыптастыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу;
- мүдделі тараптар алдында өз қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету;
- МЖМБС талаптарын ескере отырып жұмыс оқу жоспарлары мен жұмыс оқу бағдарламаларына сараптама ұйымдастыру;
- академиялық комитеттер мен сапаны қамтамасыз ету жөніндегі комиссиялардың, құрылымдық бөлімшелердің жұмыс жоспарларын қарау және келісу;
- академиялық негізгі мәселелер бойынша шешімдерді қарау, талқылау және қабылдау;
- оқулықтарды, оқу-әдістемелік құралдарды, оның ішінде электрондық тасымалдағыштар мен дидактикалық материалдарды әзірлеуді ұйымдастыру;

ONTÜSTIK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Әдістемелік Кеңес Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Әдістемелік Кеңестің жұмысы туралы Ереже		Е 501-2025 2-ші басылым 10 беттің 7 беті

- практикалық денсаулық сақтау мен медицина және фармацевтика ғылымының басым бағыттарын болжау негізінде білім беру бағдарламаларының тізбесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды талқылау;
- тест тапсырмаларын және білім алушылардың білімін бақылаудың басқа да нысандарын әзірлеу мен сараптауды ұйымдастыру;
- білім алушылардың өзіндік жұмысын әдістемелік қамтамасыз етуді қарастыру;
- оқу-әдістемелік жұмысты жетілдіру бойынша семинарлар, конференциялар, кеңестер ұйымдастыру және өткізу;
- ӘК шешімдерінің орындалуын іске асыруды талдау, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау және қажет болған жағдайда түзету шараларын қабылдау.

6 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕСТІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

1. ӘК құрамына мыналар кіреді:
 - ӘК төрағасы;
 - төрағаның орынбасары;
 - хатшы;
 - Әдістемелік Кеңестің мүшелері.
2. ӘК мүшелерінің құрамына оқу-әдістемелік жұмысқа қатысатын құрылымдық бөлімшелердің басшылары, факультет декандары, ББ АҚ және СҚБ төрағалары, кафедра меңгерушілері, жұмыс берушілер мен жүзеге асырылатын оқыту деңгейлері бойынша білім алушылар кіреді.
3. ӘК жұмысын оқу жылына бекітілген жұмыс жоспары негізінде өз міндеттеріне сәйкес жүзеге асырады.
4. Кеңес отырысы екі айда кемінде 1 рет өткізіледі.
5. ӘК заңды болып саналады, егер оған мүшелерінің кемінде 2/3 бөлігі қатысса.
6. ӘК жекелеген мәселелері бойынша шешімдер мүшелерінің жасырын дауыс беру жолымен қабылдануы мүмкін.
7. ӘК әрбір мүшесі Кеңестің барлық отырыстарына қатысуға, оның жұмысына белсенді араласуға, өзіне жүктелген тапсырмаларды уақтылы және дұрыс орындауға тиіс.

7 ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС МҮШЕЛЕРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

1. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстар бойынша ішкі нормативтік-құқықтық актілерді жетілдіруге ұсыныстар енгізуге.
2. ӘК төрағасының тапсырмаларын орындау, оқу үдерісін іске асыруды қамтамасыз ететін факультеттерден, кафедралардан және басқа құрылымдық бөлімшелерден оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмыстарға қатысты материалдар мен құжаттарды ұсынуға.

ОНТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SKMA - 1979 -	SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академи
Өдістемелік Кеңес Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Өдістемелік Кеңестің жұмысы туралы Ереже		Е 501-2025 2-ші басылым 10 беттің 8 беті

3. ӘК төрағасының тапсырмасы бойынша факультеттер кеңестерінің отырыстарына, кафедралардың отырыстарына, оқытушылардың оқу сабақтарына қатысуға.

4. Оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысқа қатысты мәселелер бойынша ректоратқа, оқу-әдістемелік орталыққа, «ОҚМА» АҚ Ғылыми Кеңесіне ұсыныстар енгізуге.

8 ҚҰҚЫҚТАРЫ

ӘК келесілерге құқылы:

1. Өз құзыретіне кіретін мәселелер бойынша қарауға, шешім қабылдауға және олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыруға.

2. «ОҚМА» АҚ және оның құрылымдық бөлімдерінің басшылығына оқу-әдістемелік қызметін жетілдіру бойынша ұсыныстарды қарауға және шығаруға.

3. «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімдерінің басшыларын, оқытушыларын және басқа да қызметкерлерін жекелеген мәселелерді қарау үшін отырыстарға шақыруға.

4. «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімдерінің басшыларымен өзара байланыс реттілігін жүзеге асыруға.

5. «ОҚМА» АҚ құрылымдық бөлімдерінің басшыларынан, қызметкерлерден оқу процесіне қатысты қажетті ақпаратты, есептерді, талдамалық анықтамаларды, нәтижелерді сұратуға.

6. Ректорға оқу-әдістемелік үдерісін ұйымдастыру жөніндегі талаптарды қамтамасыз ететін ресурстарды бөлу жөнінде ұсыныстар беруге.

7. Ақпараттық қорларды пайдалануға.

8. Өзінің кәсіби қызметін материалдық-техникалық қамтамасыз етуге.

9. «ОҚМА» АҚ қызметінің маңызды мәселелерін талқылауға және шешуге «ОҚМА» АҚ басқару жұмыстарына қатысуға.

10. «ОҚМА» АҚ құжаттарында айқындалған өкілеттіктерге сәйкес шешім қабылдауға.

9 ҚҰРЫЛЫМДЫҚ БӨЛІМДЕРМЕН БАЙЛАНЫС РЕТТІЛІГІ

1. Әдістемелік Кеңес оқу үдерісін қамтамасыз ету мәселелері бойынша «ОҚМА» АҚ-ның барлық құрылымдық бөлімдерімен өзара қарым-қатынаста жұмыс жасайды.

2. ОӘО басшысымен, ТО басшысымен, факультет декандарымен, басқа құрылымдық бөлімдердің басшыларымен, АҚ және СҚЕЖК төрағаларымен оқу, оқу-әдістемелік жұмысының сапасын жетілдіру және арттыру мәселелері бойынша өзара қарым-қатынаста жұмыс жасайды.

ONTÜSTİK-QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өдістемелік Кеңес Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Өдістемелік Кеңестің жұмысы туралы Ереже		Е 501-2025 2-ші басылым 10 беттің 9 беті

3. Білім беру бағдарламаларының мәселелері бойынша сыртқы ұйымдармен және «ОҚМА» АҚ-ның ішкі құрылымдық бөлімдерімен өзара қарым-қатынаста жұмыс жасайды.

ОҢТҮСТІК-ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ		SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Өдістемелік Кеңес		Е 501-2025 2-ші басылым 10 беттің 10 беті
Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы Өдістемелік Кеңестің жұмысы туралы Ереже		

Әзірлеген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні	Күні	Қолы
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	Анартаева М.У.	22.05.2025	

Тексерген:

Қызметі	Тегі, аты-жөні	Күні	Қолы
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг жөніндегі меңгеруші	Ержанов Н.А.	23.05.2025	
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	Кабиштаев О.А.	26.05.2025	